



ТЕҢ ҚҰҚЫЛЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ӨРБИ БЕРЕДІ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ресейге сапарлап қайтты. Елбасы Мәскеу қаласында Ресей президенті Владимир Путинмен кездесті. Жүздесуде Жоғары Еуразия экономикалық кеңесінің Құрметті төрағасы «Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы бұрыннан мемлекетаралық қатынастың жарқын үлгісі саналатынына» екпін түсірді.

— Біздің байланысымыздың тарихы, яғни Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас — тұрақты әрі мемлекетаралық қатынастың үлгісі. Мен бұдан

былай да осы бағытты ұстана беремін, — деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев Ресей президентіне пандемия кезінде Қазақстанға көрсетіп жатқан

қолдауы үшін ризашылығын білдіріп, Қарағанды фармацевтикалық зауытында ресейлік вакцина шығару аясындағы тиімді әріптестіктің жайына тоқталды.

В.Путин коронавирус пандемиясының теріс әсеріне қарамастан екіжақты байланыс оң қарқын алып отырғанына назар аударды.

(Жалғасы 2-бетте)

ЕЛБАСЫ АЙВАН ГЛАЗЕНБЕРГПЕН КЕЗДЕСТІ

Нұрсұлтан Назарбаев Glencore International AG компаниясының басшылығымен кездесті.



Елбасы Glencore International AG компаниясының басшысы Айван Глазенбергке Қазақстанның тау-кен өнеркәсібін дамытуға қосқан үлесі үшін ризашылығын білдірді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті негізгі инвесторы Glencore International AG болып табылатын «Қазмырыш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тиімді жұмысын атап өтті.

— 20 жылға жуық уақыт табысты жұмыс істегеннен кейін сіз компания басшысы лауазымынан кетіп жатырсыз. Біздің тиімді ынтымақтастығымыз мемлекет бюджетіне қомақты кіріс әкелді. Осы уақыт ішінде компанияның өндірістік көрсеткіштері айтарлықтай ұлғайды, — деді Нұрсұлтан Назарбаев. Өз кезегінде А.Глазенберг Нұрсұлтан Назарбаевқа

тау-кен саласы еңбеккерлеріне көрсеткен қолдауы үшін, сондай-ақ тәуелсіздік жылдарында елде қолайлы инвестициялық климат қалыптастырғаны үшін алғысын білдірді.

— Қазақстан — тау-кен саласындағы инвесторлар үшін ең сенімді әрі қауіпсіз елдердің бірі. Glencore жұмыс істейтін басқа елдерден ерекшелігі, Қазақстанда инвесторларға қатысты заңнама мен салық режимі тұрақты, саяси режим сенімді әрі орнықты. Чилиде, Перуде салық өзгереді, Африкада үнемі бәрі құбылмалы, тіпті Аустралияда өзгеріс болып тұрады. Қазақстанда түсінікті, қарапайым әрі өзгермейтін ереже бар. Бұл алаңсыз жұмыс істеп, инвестицияны арттыруға мүмкіндік береді, — деді А.Глазенберг.

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ



Елбасы Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Чжан Сяоны қабылдады.

Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасының елшісі Чжан Сяоның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі ретінде қызметіне 100 жыл толуымен құрлықтан, Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитеті бас хатшысы Си Цзиньпинге жылы лебізін жолдады.

— Бүгін Қытай Коммунистік партиясының 100 жылдығы ата-лапөтулде. Төраға Си Цзиньпинді және барша қытай халқын осы айтулы күнмен құттықтаймын.

Осы жылдар ішінде Қытай Халық Республикасы алға қарай үлкен кадам жасады. Коммунистік партияның жоспары Қытайдың әлі де нығайып, дами беретінін көрсетіп отыр, — деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Елбасы Қазақстан мен Қытай арасындағы мәнгілік жан-жақты стратегиялық серіктестіктің дамуының оң қарқынды атап өтті.

— Қытай Халық Республикасы әлемдік ауқымдағы қуатты мемлекетке айналды. Экономикасы дүниежүзі бойынша екінші орында және технологиялық даму деңгейі жоғары. Кедейлікпен күрес мәселесінде де Қытай үлкен кадам

жасады. Мен әрдайым біздің қарым-қатынасымызды қолдап келемін. Мәнгілік жан-жақты стратегиялық серіктестік екі халықтың игілігі үшін жұмыс істей береді. Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастығы — мемлекетаралық қатынастың жарқын үлгісі, — деді Н.Назарбаев.

Өз кезегінде Қытай Халық Республикасының елшісі Чжан Сяо Елбасыға құттықтауы үшін алғысын білдіріп, 1 шілде — Қытай Коммунистік партиясының мүшелері үшін ең ерекше әрі ұмытылмас күндердің бірі екенін айтты.

— Сізге байырғы әрі жақын досыңыз төраға Си Цзиньпиннің ең ізгі тілегі мен ыстық сәлемін жеткізім келеді. Сіздің 6 шілдеде өтетін Әлемдік саяси партиялар көшбасшыларының саммитіне қатысу туралы шешіміңізді жоғары бағалаймыз. Бұл өте маңызды оқиға. Оған Сіздің қатысуыңыз Қазақстан-Қытай қарым-қатынасын дамытуға және Қытай Коммунистік партиясы мен «Ниг Отан» партиясы арасындағы партияаралық байланысты арттыруға серпін берері сөзсіз, — деді Қытай Халық Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі.



ПРЕЗИДЕНТ БЕЙНЕҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Қазақстан Президенті «Ұрпақ теңдігі» атты жаһандық форумда бейнеүндеу жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев «БҰҰ – әйелдер» құрылымының Франция және Мексика үкіметтерімен бірлесіп ұйымдастырған «Ұрпақ теңдігі» атты жаһандық форум қатысушыларына бейнеүндеу жасады.

Виртуалды форматта өткен жиын гендерлік теңдік саласындағы жаһандық күш-жігерді үйлестіруге арналған. Форумның негізгі мақсаты — осы процеске тартылған барлық қатысушының нақты міндеттемелеріне негізделген көпжақты механизм қалыптастыру.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстан Тәуелсіздік ал-

ғаннан бастап 30 жыл бойы әйелдерді қолдауға бағытталған саясатты дәйекті түрде жүргізіп келе жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар Президент Қазақстанның «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл коалициясы» және «Экономикалық әділдік пен құқық жөніндегі іс-қимыл коалициясы» сияқты екі серіктес бірлестікке қосылатынын мәлімдеді. Бұл мемлекеттің бірқатар міндеттеме қабылдағанын білдіреді.

Атап айтқанда, әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың таралуы туралы жалпұлттық зерттеу жұмысын қолға алу жөнінде шешімін айтты.

Мемлекет басшысы гендерлік теңдік және зорлық-зомбылық-

тың алдын алу бойынша озық тәжірибемен бөлісу үшін Орталық Азияда өңірлік білім платформасын құру туралы бастама көтерді.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ мен Еуропалық одақтың Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған «Жарық сәулесі» өңірлік бастамасына инвестиция салуға дайын екенін атап өтті.

Бұдан бөлек, Президент әйел кәсіпкерлерді қолдау үшін еліміздің барлық өңірінде ресурстық орталықтар құру жоспары туралы мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында әйелдердің теңдігі мен қауіпсіздігін қорғауға, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған игі істі еліміздің толық қолдайтынын нақтылады.

РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ӨТТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысын өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.



Қазақстан Президентінің төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиында ұлттық жобалардың әзірленуі негізгі мәселе ретінде қарастырылды.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Қайрат Келімбетов Қасым-Жомарт Тоқаевқа Агенттік пен Үкімет бірлесіп әзірлеген он ұлттық жобаны таныстырды. Бұл жобалар Жалпұлттық басымдықтар мен 2025 жылға

дейінгі ұлттық даму жоспарын жүзеге асыруға бағытталған.

Агенттік төрағасының баяндамасын және Кеңес мүшелерінің пікірін тыңдаған Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар ұсыныс айтты. Ол Үкіметті нақты, шыншай, халыққа түсінікті және олардың тұрмысын жақсартуға бағытталған міндеттерді шешуге шақырды.

(Жалғасы 2-бетте)

Орталықтың жұмысына баға берілді



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңестің кеңейтілген отырысын өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Жиын барысында «Астана» халықаралық қаржы орталығының 2020 жылы атқарған жұмыстары қорытындыланды, сондай-ақ оны әрі қарай дамыту жөніндегі ұсыныс қарастырылды.

Іс-шараға қатысушылардың баяндамасын тыңдаған Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы орталығын одан әрі дамытудың бірқатар өзекті міндеттерін белгілеп берді.

Атап айтқанда, Президент АХКО биржасындағы компанияларды тиімді жекешелендірудің маңызды екенін атап өтті. Соны-

мен қатар бұған дейін қабылданған Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына назар аударды. Онда 600-ге жуық мемлекеттік активті бәсекелестік ортаға салудың мерзімі мен жолдары айқындалған.

Қасым-Жомарт Тоқаев АХКО биржасына мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару туралы ұсынысты қолдады.

Жиын барысында Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы, АХКО басқарушысы Қайрат Келімбе-

тов, Қазақстан Президентінің экономикалық даму жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Реформалар жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары Сэр Сума Чакрабарти, Ислам даму банкі тобының президенті Бандар Хаджар, Citigroup банкінің үкіметтер мен мемлекеттік секторы жаһандық блогының басшысы Джули Моноко, G30 тобы Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Джейкоб Френкель және АХКО-ның бірқатар институтының жетекшілері баяндама жасады.

